

№1 педагогикалық кеңестің

№ 1 хаттамасының шешімінде қабылданды

«-----» ----- 2023 жыл.

БЕКТЕМІН

КМҚК «Ертөстік» бөбек жай
балабақшасы меңгерушісі

С.Е. Зайнуллина

«125» ----- 2023 жыл



**«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КӨКСУ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» мемлекеттік мекемесінің «Ертөстік» бөбек
жай- бала бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
2023-2024 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ**

Бүгінде педагогтер балаларды мектепке дейінгі дамыту, тәрбиелеу мен оқытуда ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуде, балалардың түрлі әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ойын түрінде шығармашылықпен ұйымдастыруда ол балалардың білім беру ұйымдарына қызығушылықпен баруға деген ынтасының, күні бойы режимдік сәттерде соның ішінде еркін ойындарда белсенділігінің артқанын, әрекет барысында бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсу арқылы ауызша сөйлеуінің, дербес қимыл белсенділігінің, шығармашылық қабілеттерінің, қарапайым зерттеулер жүргізу арқылы танымдық қабілеттерінің артқанын көрсетіп отыр

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.
- ойын арқылы үйрету;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру әрекеті:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына [2];
 - 2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);
 - 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) [3];
 - 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) [4];
 - 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтары мен мектепалды сыныптарында **заттық-дамытушы ортаны** талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.
- Заттық-дамытушы орта** - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.
- Дамытушы орта** балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойынуға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.
- Дамытушы орта** балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен - қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);

- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);
- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі).;
- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);
- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);
- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);
- 2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар арқылы іске асырылады:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары;
- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;
- Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары;
- Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары;
- Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары;
- Жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормалары;

- Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары;
- Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар;
- Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары;

Кіші «Бәйшешек» тобы (2 жастағы) балаларына арналған
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
2023-2024 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына 1-қосымша

№ 394 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 1-қосымша

№ 557 бұйрығына. 1-қосымша

№	Үйлендірілген іс-әрекет*	
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру***	
2	Сөйлеулі даму және әріктем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсінделу	күн сайын
	Жалпыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка*****	күн сайын
7	Арнайы таныстыру және таныстыру*****	күн сайын

Ескерту: «Талапкерлердің тәрбие – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеті» атты заңның № 98-ІІ табысқа № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіршілік ететін) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын қабылдағаннан кейінгі кезеңде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балалардың қол жеткізе алатын қиындықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанды дағдыларға, адамгершілік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлққа кағидатарын қамтамасыз ететіндей шараларды іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеттері арқылы, яғни, таным, шығармашылық зерттеу, енбек, дербес) аркылы ұйымдастыратын тиімді болмақ.

Қазақстан Республикасының заңдары мен қаулыларының 2012 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымша

** Бөбек жасында отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне қол жеткізіледі.

*** Балалардың дағдыларын дамыту үшін оларға ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, өлшеулерді жасауға, ән жазуға, ән ойнауға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық ойындар ойнауға мүмкіндік беріледі.

**** Арнайы топтардағы балалар мен жеткіншектердің ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарындағы балалар мен жеткіншектері.

**Ортанғы «Жарлығаш» тобы (3 жастағы) балаларына арналған
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 1-қосымша

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	
1.	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын
2.	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3.	Математика негіздері	күн сайын
4.	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5.	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6.	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка****	күн сайын
7.	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	

Ескерту: * Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық кимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі

**Ересек «Күншуақ» тобы (4 жастағы) балаларына арналған
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 2-қосымша

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	
1.	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын
2.	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3.	Математика негіздері	күн сайын
4.	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5.	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6.	Музыка	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын
7.	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	

Ескерту: * Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қылықтарын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі әр түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі қарым-қатынастырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту қамтамасыз етіледі.

* Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

*** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында жұмыс істейтін шектеулі балалар үшін жүргізіледі.